«Бекітемін:
«Амаль-2021»
«Аяла» балабақшасының
Меңгерушісі: Сарбасова А.Б
« »қараша 2024ж

«Күзгі асар»

(жәрменке)



Тәрбиеші: Қожабай С.Т
Таңірберген А.Д

2024-2025 оқу жылы
Ақтөбе қаласы

Scanned with CamScanner

«Аяла» балабақшасы


Анықтама

“Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында тәрбиеленушілер мен ата-аналардың қатысуымен «Күзгі асар» тақырыбында жәрмеңке және шығармашылық көрме ұйымдастырылды.Іс-шараның негізгі мақсаты – балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ата-анамен бірлескен жұмысты нығайту, сондай-ақ қалдық және табиғи материалдарды тиімді пайдалану арқылы оларға екінші өмір сыйлау, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу болды.Шара барысында ата-аналар мен балалар бірлесе отырып түрлі қолөнер жұмыстарын жасап, өз шығармашылықтарын көрсетті. Жұмыстарды дайындауда шишка, жасанды жапырақтар, түрлі-түсті қағаз, күріш, қарақұмық (гречка), макарон өнімдері, бояулар (краска) және басқа да табиғи әрі қалдық материалдар кеңінен пайдаланылды.Балалар шығармашылық жұмысқа ерекше қызығушылық танытып, ата-аналарымен бірге белсенді қатысты. Бірлескен еңбек нәтижесінде әсем әрі ерекше бұйымдар дайындалып, көрме-жәрмеңке ұйымдастырылды. “Күзгі асар» жәрмеңкесі жоғары деңгейде өткізіліп, тәрбиеленушілер мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығын нығайтуға, отбасы мен балабақша арасындағы байланысты арттыруға өз үлесін қосты.

Тәрбиешілер: Тұңғатарова Б. А.
Тәңірберген А. Д.

Scanned with CamScanner







Scanned with CamScanner

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
Сарбасова А.Б
« » 2025ж

Ұлттық дәстүрді ұлықтаған «Аналар мектебі» алғашқы жобасы



Ұйымдастырушы тәрбиешілер:

Сарбасова А.Б

Қожабай С.Т

Әлкуатова А.М.

Әзи А.М.

Рзабаева А.Ж.

Тәңірберген А.Д

Ақтөбе 2025

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Ұлттық дәстүрді ұлықтаған «Аналар мектебі»

Мақсаты: Келешек ұрпаққа қазақ халқының ұлттық өнерін дәріптеу. Өнер туындылары арқылы дағдыларды жаңарту,көркем дәстүрді насихаттап, қолөнер бұйымдарын жоғары шеберлік деңгейде екенін, түсіндіре отырып, қызығушылықты арттыру.Халқымыздың қолданбалы қол өнеріне баулу, қыр-сырын үйрену.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер ардақты аналар, құрметті қонақтар!

«Шебердің қолы алтын» демекші, қазақ халқының мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтардың бірі – қолөнер. Ағаштан, темірден түйін түйген, жүннен көздің жауын алардай бұйым жасаған, асыл тастан әшекей бұйымдарды соққан шеберлердің ісі мақтауға тұрарлық өнер туындысы.

Қолөнер – халықтың өз қолымен жасайтын ұлттық мәдениеті. Ерте кездегі қазақ халқының кез келген отбасы қолөнермен айналысқан.

Ендеше, біздің Ұлттық дәстүрді ұлықтаған «Аналар мектебі» жобасының бүгінгі жасағалы отырған алғашқы жобасы ұлттық бұйымдар болмақ.
Осындай ұлттық бұйымдарды асқан шеберлікпен жасап көрсететін аналарымызды қарсы алайық!
Аналар ортаға келеді , топқа бөлінеді ,орындарына жайғастырылады.

Және аналармызбен бірге бұйымдарды жасауда жетекшілік ететін тәрбиеші апайларымызбен таныс болыңыздар.

Әр топ өз жобаларын таныстырады. Экраннан видео көрсетіледі . Жасауға кіріседі.

«Өнер – жеміс, өмірге азық» демекші, қолөнер арқылы жан-жақты берілген тәлім-тәрбие, балалардың азығы болатынына дау жоқ. Қазақ халқының қол өнері бай және түрлі тармақтар мен салаларға бөлінеді.
Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай,
«Келе ғой, қошақаным, өзіме!» - деп
Әжем кеп сипағандай шашымнан жай
Шебер көп бұл заманда кілең керім.
Болмайтын ажыратып түр өңдерін
Сүрінбей өте алар ма ғасырлардан
Әжемнің ілмегіндей жыр-өрнегім.
Күйімді кешсеңдер-ау сол беттегі,
Тұрғандай ана-көңіл тербеп мені
Жан бітіп жайраңдады жан-жағымнан
Қазақтың моншақталған өрнектері.
Елестеп көз алдыма сән шақырдым.
Келгендей құлағыма аңсатқан үн.
Түрленген түкті кесте көріп тұрмын.
Көзімнің алатындай жанарларын.

Ән шырқайды әр топ

Scanned with CamScanner

Әдет-ғұрып, салт-дәстүрі қазақтың,
Жарасымды үйлесімді ғажап шын.
Ұмыт болған дәстүрімізді сақтайық,
Насихатап жаңартудан қашпайық.

Аналарымыз өз жұмыстарын болса,қорғауға сөз кезегін берсек


«Кестені көңіл сызады, көз тігеді, көз сынайды» демекші – 1- топ өздерінін қолөнерін таныстырып өтсін.
«Үлгісі көптің - өрнегі көп, өнері көптің – ермегі көп» демекші, ендігі сөз кезегін 2-топқа Алтын балдақ – қол сәні, әшекей кесте – тон сәні» дегендей келесі кезек 3- топқа беріледі.

Әр топ жасаған бұйымдарымен таныстырады

Аналарымызға сыйлық табысталады

Сенемін келер ұрпақ көрмес зиян
Қазақтың қолөнерін дербес қойған,
Тапсырған аманатты туған елім
Алтын бесік алауы сөнбес ұям.
Бабалардан қалған асыл қазынамызды жоғалтпай, үйреніп, әрі қарай дамыту – біздің парызымыз. «Өнерліден үйреніп, өнерсізден жиреніп жүрейік!»
Қатысқандарыңызғы, тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет!
Қош-сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner







Scanned with CamScanner







Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner